

ОРИГИНАЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ВАНДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН
« 18 » 03 2013 ж.г. өткізілді
куәлік № 2242-1904-0110 свидетельство
БСН/БИН: 040440000209
Алғашқы тіркелген күні / Дата первичной регистрации
« 05 » 04 2004 ж.г.
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АКТЮБЕ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

«КМК Мұнай» АҚ
акционерлерінің жалпы жиналысымен
БЕКІТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
Құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар өткізілген
« 18 » 05 2013 ж.г.
БҰЙРҒЫ/ПРИКАЗ № 365
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АКТЮБЕ
внесены изменения и дополнения в учредительные документы

Хаттама № 01/2013 Күні: 19.02.2013

«КМК Мұнай»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «КМК Мұнай» акционерлік қоғамының (одан әрі - «Қоғам») Осы Жарғысы Қоғамның атауын, мекен-жайын, құрылу тәртібі мен және оның органдарының құзыретін, қайта ұйымдастыру жағдайларын және оның қызметінің тоқтатылуын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының (одан әрі - «Қазақстан») заңнамаларына қарсы келмейтін басқа да жағдайларды анықтайды.
2. Қоғамның толық атауы:

Орыс тілінде: Акционерное общество «КМК Мунай»

Қазақ тілінде: «КМК Мұнай» Акционерлік қоғамы

Ағылшын тілінде: Joint Stock Company KMK Munai
3. Қоғамның қысқартылған атауы:

Орыс тілінде: «КМК М» АҚ

Қазақ тілінде: «КМК М» АҚ

Ағылшын тілінде: KMK M JSC
4. Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 030012, Ақтөбе қ., Сәңкібай батыр даңғ., 16ж.
5. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі – ірі кәсіпкерлік субъектісі.

2. Қоғамның заң мәртебесі

6. Қоғам Қазақстан заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып есептеледі, жеке балансы, банктерде есеп шоты бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болып, жүзеге асыра алады, міндеттері болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
7. Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, өз атауымен бланкі және басқа да деректемелері бар.
8. Өз қызметінде Қоғам Конституцияны, Азаматтық кодексті, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (одан әрі –«Заң»), басқа да Қазақстанның нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.
9. Қоғам Қазақстанның заңнамасымен қарастырылған тәртіппен басқа заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатыса алады.
10. Қоғамның бұрынғы атаулары:
- «Lancaster Petroleum» АҚ,
- «KKM Operating Company» АҚ.
11. Қазақстанның заңнама актілерімен қарастырылған тәртіппен Қоғам оның орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғаны құрусыз, Қоғамның атынан және мүддесімен

филиалдар (өкілдіктер) туралы жағдай негізінде филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғам мен акционерлер жауапкершілігі

12. Қоғам оның меншігіндегі мүліктер шамасында өз міндеттемелері бойынша жауап береді.
13. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстанның қарастырылған заңнама актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, Қоғам қызметімен байланысты, олардың меншігіндегі акциялар құны шегінде Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және залалдарға тәуекел етеді.
14. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді және мемлекет Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

15. Қызметтің негізгі түрлері:

- көмірсутектерді іздеуді ұйымдастыру, барлау, өндіру, өткізу, алу, сату және берілген бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау; және

- жоғарыда көрсетілгендермен байланысты немесе жоғарыда көрсетілгендерге жататын қызметтің басқа түрлері, сонымен қатар Қазақстан заңнамасымен тыйым салынбаған, Қоғамның жұмыс істеуі үшін қажетті қызметтің кез келген түрлері.

16. Қызметтің лицензияланатын түрлері:

14 пунктте көрсетілген қызметтің қандай да бір түрлері лицензияны, я болмаса арнайы рұқсатты талап еткен жағдайда, Қоғам тек қажет лицензияны және (немесе) арнайы рұқсатты алғаннан кейін ғана қызметтің сондай түрлерін жүзеге асыра алады немесе орындай алады.

5. Қоғам акционерлерінің құқықтары

17. Акционердің құқығы:

1) Заңмен және (немесе) Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы мәліметтер алуға, соның ішінде Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен (одан әрі – «Жалпы жиналыс») я болмаса Қоғам Жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржы есептерімен, есеп және басқа құжаттарымен танысуға және көшірмелерін алуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушысынан бағалы қағаздарға меншік құқығын дәлелдейтін үзінді көшірмелерін алуға;

5) Жалпы жиналысқа Қоғамның директорлар кеңесіне (одан әрі – «Директорлар кеңесі») сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен келіспеуге;

7) өз алдына немесе басқа акционерлермен жиналып Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайыздарына ие болған кезде, Заңмен қарастырылған жағдайларда өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғаларымен Қоғамға келген залалдарды Қоғамға өндіру және Қоғамның лауазымдық тұлғаларымен және (немесе) олардың үлестес тұлғаларымен жасауға мүдделі ірі мәмілені және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау қорытындысында олармен алынған табысты (пайданы) Қоғамға қайтару туралы талаппен сот органдарына баруға;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраумен баруға және сұрақтың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбе күн ішінде дәлелденген жауаптарды алуға;

9) оған тиесілі акциялар шамасында Қоғамның таралуынан кейін қалған мүліктің тиісті бөлігін алуға;

10) акцияларды немесе оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын Қазақстан заңнама актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа Заңмен орнатылған тәртіппен акционерге тиісті акция санына пропорционалды артықшылықпен сатып алуға;

11) Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес Жалпы жиналысқа қатысуға;

12) акционерді өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін кез келген қолданылатын қор биржасы бойынша, тоқсан, жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша листинг ережелеріне сәйкес, кез келген қажетті қаржылық немесе басқа да сәйкес мәліметтерді алуға;

13) Заңға және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

18. Ірі акционердің (акционердің немесе Қоғамның 10 (он) және одан да артық дауыс беретін акцияларына ие болған, арадағы келісім негізінде іс-әрекет ететін (жиналып) бірнеше акционерлердің) келесі қосымша құқықтары бар:

1) Жалпы жиналысты шақырудан Директорлар Кеңесі бас тартқан жағдайларда, кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыруды талап етуге немесе оны шақыру туралы сотқа баруға;

2) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалпы жиналыстың күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосуды ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге және оның күн тәртібіне қосу үшін сұрақтар ұсынуға;

19. Артықшылықты акциялар (егер ондайлар Қоғаммен шығарылса) иесі болып табылатын акционерлердің жай (дауыс беретін) акциялар иесі болып табылатын басқа акционерлер алдында Жарғымен анықталған алдын-ала орнатылған кепілдікті сомада дивидендтер алуға және Заңмен орнатылған тәртіппен Қоғамның таралған жағдайында қалған Қоғамның мүлік бөлігін алуға құқығы басым. Артықшылықты акцияларды (егер ондайлар Қоғаммен шығарылса) иеленуші акционерлердің Заңмен қарастырылған басқа құқықтары бар.

6. Қоғам акционерлерінің міндеттемелері

20. Акционер міндетті:
- 1) акцияларға төлеуге;
 - 2) 10 (он) күн ішінде Қоғам тіркеушісіне және берілген акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
 - 3) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария қылмауға;
 - 4) Заңмен талап етілсе, Қоғамды және (немесе) басқа акционерлерді қандай-да бір акцияның сатылуы туралы ескертуге;
 - 5) Заңға, 2012 жылдың 12 маусымындағы акционерлер Келісіміне және осы Жарғыға сәйкес басқа да міндеттемелерді орындауға.

7. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар Бағалы қағаздардың орналасу шарттары

21. Қоғаммен жай акциялар шығарылады және артықшылықты акциялар шығарылуы мүмкін. Акциялар құжаттамасыз түүрде шығарылады.
22. Жай акция оның иесіне дауыс беруге шығарылған кез келген сұрақ бойынша дауыс беру құқығымен Жалпы жиналысқа қатысу құқығын, Қазақстан заңнамасымен орнатылған тәртіппен, Қоғамда пайда (Жалпы жиналыстың қажетті шешімі негізінде) және Қоғам таралғаннан кейін қалған Қоғам мүлігінің бөлігі болған жағдайда дивидендтер алу құқығын береді.
23. Акциялардың шығарылу, орналастырылу және айналыс шарттары акцияның шығарылым аңдатпасымен орнатылады.
24. Қоғам Қазақстан заңнамасымен рұқсат етілген жағдайларда, айырбасталатын бағалы қағаздарды, облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығара алады.
25. Қоғам өзінің орналастырылған акцияларының бір түрін Қазақстан заңнамасына сәйкес, Қоғам акциясының басқа түріне ауыстыруға құқылы.

8. Таза пайданы бөлу тәртібі

Акциялар бойынша дивидендтер

26. Қоғамның таза пайдасы (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді алып тастағанда) Жалпы жиналыстың тиісті шешімі негізінде дивидендтерді төлеуге, Қоғамның дамуына және басқа да мәселелерге бөлінеді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Заңмен орнатылған тәртіппен, жыл, жартыжылдық немесе тоқсан қорытындысы бойынша төленеді.

27. Қандай да бір дивидендтерді төлеуден бұрын Қоғам дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлер тізімін алады. Акционерлердің көрсетілген тізіміне дивидендтерді төлеуді бастаудың ресми жарияланған күніне дейін 1 (бір) күнтізбе күннен қалмай Қоғам акционерлері тізіміне енгізілген акционерлер кіреді.
28. Дивидендтер бір акция есебімен әр акционер пайдасына есептеледі.

29. Қоғаммен орналаспаған немесе сатып алынбаған акциялар бойынша, сонымен қатар Қоғамның таралуы туралы сотпен немесе Жалпы жиналыспен шешім қабылданған жағдайда дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
30. Дивидендтер Қоғамның меншікті капиталының теріс көлемі кезінде есептелмейді және төленбейді, немесе егер Қоғамның меншікті капитал көлемі дивидендтерді есептеу қорытындысында теріс болса; немесе Қоғам төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе; я болмаса көрсетілген белгілер Қоғамда дивидендтерді есептеу қорытындысында пайда болса.

9. Қаржыландыру

31. Қоғамның қаржы мұқтаждығы Қоғамның жарғы капиталындағы акционерлерге тиісті пакеттерге (одан әрі – «Қаржыландыру бойынша міндеттемелер») пропорционалды қаржыландырылады. Тараптар Қоғамды қаржыландыратын банк ұйымдары пайдасына қаржыландыру бойынша өзінің Міндеттемелеріне пропорционалды өтеу кепілін я болмаса басқа әдістерді ұсынуға келіседі.
32. Қоғам Жарғыға сәйкес сақтаулы қорды құра алады. Сақтаулы қордан аударымдар Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес жүргізіледі.
33. Қоғам кез келген қолданылатын қор биржасы бойынша, ай, тоқсан, жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша листинг ережелеріне сәйкес есеп беру бойынша акционерді өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін кез келген қажетті қаржылық және басқа қажетті ақпараттарды дайындайды және береді, соның ішінде:
- 1) Қазақстан заңнамасына және Қаржы есептерінің халықаралық стандарттарына (одан әрі- «Заңмен қарастырылған есеп») сәйкес Қоғамның заңнамамен қарастырылған тексерілген шоғырландырылған есебін (пайда мен шығындар туралы есепті, қаржылар қозғалысы туралы есепті және баланс есебін қосқанда) акционерлерге тапсырады;
 - 2) Қаржы жылының аяғына дейін 30 (отыз) күнтізбе күн ішінде акционерлерге кірістер мен капитал жұмсалымдардың жылдық бюджеттерін және келесі қаржы жылға Қоғамның жылдық бюджетін тапсырады;
 - 3) Бухгалтерлік есептің дағдылы әдістері мен тәртіптеріне сәйкес сенімді және нақты бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізеді және мұндай есеп пен есептіліктің заңнама талаптарына сәйкес, әр қаржы жылдың аяқталғанынан кейін 5 (бес) айдан кешікпей Қоғам тексерушілерімен белгіленген тексеруден өтуін қамтамасыз етеді;
 - 4) Акционерлер мен олардың уәкілетті өкілдеріне қалыпты жұмыс уақытында оның есептіліктерімен және бухгалтерлік есеп мәліметтерімен танысуға, үзінді көшірмелерін алуға және өз есебінен олардан көшірме шешуге, сонымен қатар оның мүліктері мен активтеріне толық рұқсат алуға құқық береді; және
 - 5) Акционерлерге мерзімді негізді талап ете алатын басқа мәліметтерді беруге.

10. Қоғам органдары

34. Қоғам органдары болып табылады:

Жоғары орган – Жалпы жиналыс;

Басқару органы – Директорлар кеңесі;

Атқарушы орган – Президент.

11. Жалпы жиналыс

35. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын сұрақтар.

35.1. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын сұрақтар бойынша шешімдер Акционерлердің 75% немесе одан жоғары дауыстарымен қабылданады:

1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін және оған өзгертулер мен толықтыруларды (егер қолданылса) бекіту;

3) Қоғамның ерікті қайта ұйымдастырылуы немесе жабылуы;

4) Қоғамның жарияланған акциялар көлемін көбейту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталу шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрінің акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұнай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;

8) есепті қаржы жылға Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есебімен дивиденд көлемін бекіту;

9) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам акциялары бағасының белгіленуінің ерікті түрде тоқтатылуы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына және қызметіне қатысуына немесе Қоғамға тиесілі актив бөлігін немесе барлық активтердің жиынтығында 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын активтердің бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қатысуды тоқтатуға қатысты шешім қабылдау;

12) Заң талаптарына сәйкес Қоғаммен акцияларды биржадан тыс сатып алу жағдайларында акциялар құнын орнату әдістеріне өзгерістер енгізу (егер мұндай әдістер құрылтайшылар жиналысында бекітілмесе);

13) Жарғыда қарастырылған қызмет түрлеріне қатысты Қоғамның негізгі қызмет түрлеріндегі өзгерістерді бекіту;

- 14) Қоғам атауындағы өзгерістерді бекіту;
- 15) Қоғамның жарғы капиталын көбейтуді немесе осы капиталдың қандай да бір түрмен қайта ұйымдастырылуын бекіту;
- 16) акциялар бойынша құқық өзгерістерін бекіту және Қоғамның жаңа класс немесе түрін құру;
- 17) Қоғамның қосымша акцияларын бөлуді, шығаруды, бөлшектеуді немесе сатып алуды бекіту немесе қандай болса да бір тұлғаға Қоғамның кез келген акциясы мен бағалы қағазының шығарылуын талап етуге опционды немесе құқық беру;
- 18) Қоғам пайдасын немесе шығындарын бөлуді бекіту немесе Қоғамның акционерлер пайдасына жүргізілген бөлулерді бекіту;
- 19) кепілді немесе өндіру кепілін, я болмаса міндеттемелерді басқаша қамтамасыз етуді немесе 20 000 000 (жиырма миллион) АҚШ доллардан жоғары міндеттерді немесе басқа валютада оның эквивалентін беруді бекіту;
- 20) Барлау мен өндіруге (Қоғамға тиесілі) кез келген Келісімді Қоғаммен өзгертуді және толықтыруды немесе бұзуды бекіту;
- 21) мұнайдың әр кен орны бойынша жылдық жұмыс бағдарламаларын және бюджетін бекіту;
- 22) Қоғамның қосылуы, бірігуі немесе қайта ұйымдастырылуы туралы, я болмаса бір мәміле немесе бірнеше мәмілелер аумағында, Қоғамға тиесілі барлық активтердің жалпы құнының 25 (жиырма бес) пайызын құрайтын активтерді беру, сату немесе айыру туралы шешім қабылдау.

35.2. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын сұрақтар бойынша шешімдер Заңмен және (немесе) Жарғымен басқа жағдай қарастырылмаса, дауыс беруге қатысатын, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай дауыстарының көпшілігімен қабылданады:

- 1) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілдік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы;
- 2) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілдік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, сонымен қатар өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және шығындар өтемақысы көлемін анықтау және төлеу шарттары;
- 3) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 4) жылдық қаржы есептілікті бекіту;
- 5) Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- 6) барлау мен өндіруге Шарттар бойынша келісімшарттық аумақ учаскелерді қайтарудың жобасын бекіту (Қоғамға жататын);
- 7) Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес, қабылданатын шешімдері Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын басқа да сұрақтар.

Барлау мен өндіру Келісімдеріне сәйкес мұнай мен газды барлау және өндіру және шикі мұнай/мұнайөнімдерін өткізу бойынша күнделікті операцияларға қатысты және Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын басқа да сұрақтар бойынша жалпы жиналыс шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы көлемінің жай көпшілігімен қабылдануы керек.

36. Жылдық жалпы жиналыс Директорлар кеңесімен шақырылады. Кезектен тыс Жылдық жиналыс шақырылады:

1) Директорлар кеңесі ықыласымен;

2) ірі акционер ықыласымен.

Ерікті таралу процессінде өткізілетін кезектен тыс Жалпы жиналыс Қоғамның таралу комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

37. Жалпы жиналысты дайындау және өткізу жүзеге асырылады:

1) Президентпен;

2) Қоғам тіркеушісімен, осы тіркеушімен жасалған келісім негізінде;

3) Директорлар кеңесімен; немесе

4) Қоғамның таралу комиссиясымен.

Заңмен қарастырылған жағдайларда басқа, Жалпы жиналысты шақырумен, дайындаумен және өткізумен байланысты шығындарды Қоғам өтейді.

38. Қоғам органдары Жалпы жиналыстың Заңмен қарастырылған тәртіппен шақырылуын бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тараптың талабы негізінде шығарылған сот шешімі негізінде Жылдық Жалпы жиналыс шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам органдары Жалпы жиналысты шақырту туралы ірі акционердің талабын орындамаған жағдайда, Қоғамның ірі акционерінің талабы негізінде шығарылған сот шешімі негізінде кезектен тыс Қоғамның Жалпы жиналысы шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

39. Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлерге Жарғыда анықталғандай, Жалпы жиналыс жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбе күн ішінде бұқаралық ақпараттар құралдарына жариялау арқылы жеткізіледі.

12. Директорлар кеңесі

40. Директорлар кеңесі Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешім қабылдаудан басқа Қоғамның қызметіне жалпы басқару жүргізеді.

41. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) жылдық Жалпы жиналыстың қарауына бір жай акция есебімен дивиденд көлемінде жыл сайынғы дивидендтер (таза пайда) төлеуге қатысты ұсыныстар енгізу;

2) акцияларды сатып алу және акцияларды сатып алу шарттарын анықтау;

- 3) Жалпы жиналысқа бекітуге берілетін Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 4) облигацияларды, туынды бағалы қағаздарды немесе Қоғамның басқа қарыздарын шығару және олардың шығарылу шарттары;
- 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы жағдайды бекіту;
- 6) ішкі аудит комитетін сайлау (көлемдік құрамды, өкілеттік мерзімді, өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуын, комитет мүшелеріне төленетін еңбекақы және сыйақы төлеуді анықтау);
- 7) Қоғам филиалдарын, еншілес компанияларын немесе өкілдіктерін құру, олар туралы жағдайды бекіту және олардың қызметінің тоқтатылуы;
- 8) Қоғаммен қандай да бір заңды тұлғаға кез келген қатысуын алу (айыру);
- 9) жүзеге асырылуы талап етілетін немесе кез келген барлау мен өндіруге Келісім аумағында 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан асатын сомада немесе басқа валютадағы оның эквивалентімен дұрыс кез келген жобаға қатысты шешім қабылдау;
- 10) бір мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер аумағында 300 000 (үш жүз мың) АҚШ доллардан асатын немесе басқа валютадағы оның эквивалентін құратын сомада күрделі қаржы шығынын жүргізу туралы міндеттемелерді жүзеге асыру немесе қабылдау (соның ішінде, шектеусіз, бөліп төлеуге сатуға қатысты, кейін сатып алумен жалға алу немесе басқа лизингілік міндеттемелер);
- 11) 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан жоғары немесе басқа валютадағы оның эквивалентімен әділ нарықтық құнымен Қоғамның активтерін кез келген тікелей немесе жанама иелену, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатуға келісімдерден басқа;
- 12) Қоғамның болжалды жиынтық шығындары 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан жоғары немесе осы соманың басқа валютадағы оның эквивалентімен құрайтын қандай да бір жеткізушімен кез келген келісімді жасауға, жаңарту уақытында ұқсас келісімдегі іс-әрекет ететін салыстырмалы шарттарда шаруашылық қызметтің әдеттегі барысында мұндай келісімдерді жаңартудан басқа;
- 13) 12 айдан жоғары жеткізу мерзімімен және құны 50 000 000 АҚШ доллардан жоғары немесе осы соманың кез келген басқа валютадағы эквивалентімен шикі мұнай немесе мұнай өнімдерін сатуға кез келген келісімді жасау;
- 14) Қоғамға қандай да бір қарыз алуға рұқсат беру немесе қаржыларды қарызға алу туралы банк мекемелерімен қандай да бір келісімді жасау;
- 15) Қоғамның кепілзатқа құқығын немесе басқа ауыртпалығын үшінші тұлға пайдасына құру туралы шешім қабылдау;
- 16) қандай да бір қарыз алуға, борышқорлық бағалы қағаздарды немесе басқа да міндеттемелерді шығаруға қатысты үшінші тұлға немесе үшінші тұлғалар пайдасына Қоғамның кепілін немесе басқа ақшаларын беру;
- 17) жылдық бюджетті алдын ала мақұлдау және оған өзгерістер енгізу;

18) Заңға және 2012 жылғы 12 маусымдағы Қоғамның акционерлер Келісіміне сәйкес Қоғам Президентін таңдау (тағайындау);

19) Жарғыға сәйкес Қоғам Президентін қызметінен босату;

20) Президентке төленетін сыйақы көлемін (өтемақыны, сыйақыны немесе материалдық марапаттаудың басқа бағдарламаларын қосқанда) және оның кез келген өзгерісін анықтау;

21) сыйақы көлемі жылына 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан жоғары немесе осы соманың басқа валютадағы эквивалентін құрайтын Қоғамның жұмысшылары мен кеңесшілерін жалдау және іссапарға жіберу;

22) сыйақы көлемі жылына 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан жоғары немесе осы соманың басқа валютадағы эквивалентін құрайтын Қоғамның жұмысшылары мен кеңесшілерін жұмыстан босату; және

23) Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын жағдайлардан басқа, Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіндегі басқа сұрақтар.

Президенттің осы Жарғының 40 пунктінде тізімі берілген сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

42. Директорлар кеңесінің Президент құзыретіне Жарғыға сәйкес жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға, я болмаса Жалпы жиналыс шешімдеріне қарсы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
43. Директорлар кеңесі 2012 жылдың 12 маусымындағы акционерлер Келісіміне сәйкес тағайындауға ұсынылған 3 (үш) жылға сайланатын 7 (жеті) мүшеден тұрады. Директорлар кеңесі мүшелерінің 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар кеңесі мүшелері болып тең жеке тұлғалар бола алады. Директорлар кеңесі мүшелеріне қойылатын басқа талаптар Қазақстан заңнамасымен және осы Жарғымен анықталады.
44. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін, «СНПС-Актобемунайгаз» АҚ тағайындауға ұсынылатын 2 (екі) директорды қосқанда 4 (төрт) директордың қатысуы жеткілікті. Сырттай дауыс беру үшін (отырысты өткізусіз) «СНПС-Актобемунайгаз» АҚ тағайындауға ұсынылатын 2 (екі) директорды қосқанда 4 (төрт) директордың қатысуы жеткілікті. Директорлар кеңесі құзыретіне жататын кез келген басқа сұрақтар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілігімен қабылданады. Директорлар кеңесінің әр мүшесінің бір даусы бар.
45. Директорлар кеңесі төрағасы «СНПС-Актобемунайгаз» АҚ тағайындауға ұсынылатын директорлар санынан дауыс беру көпшілігімен Директорлар кеңесінің мүшелерімен ашық дауыс беру арқылы 3 (үш) жыл мерзімге сайланады.

Дауыстың тепе-теңдігі жағдайында, Директорлар кеңесінің төрағасының, я болмаса Директорлар кеңесі отырысында төрағалық ететін тұлғаның шешуші дауысы бар.

Президентті Директорлар кеңесінің төрағасы сайлай алмайды.

46. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және Директорлар кеңесімен өз қызметін жүргізу Заңға және осы Жарғыға сәйкес іске асырылады.
47. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Президенттің бастамасы бойынша немесе келесі тұлғалардың талаптары бойынша шақырылуы мүмкін:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның; немесе
 - 4) ірі акционердің.
48. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің әр мүшесіне жазбаша түрде отырысқа дейін 7 (жеті) күн бұрын Директорлар кеңесінің күні, уақыты және орны туралы көшірме немесе электронды хабарлама жіберу арқылы ескертеді. Директорлар кеңесінің әр отырысының күн тәртібінің көшірмесі осы хабарламаға жалғанады. Директорлар кеңесі қысқа уақытта Директорлар кеңесі мүшелерінің бір ауыздан дауыс беруі арқылы шақырылуы мүмкін.
49. Күн тәртібі Директорлар кеңесі төрағасымен басқасы қарастырылмаған жағдайда, Қоғам қызметіне және оның қаржы жағдайына қысқаша шолу, Директорлар кеңесі төрағасына отырыстың өткізілу күнінен бұрын 7 (жеті) жұмыс күн бұрын ұсынылған Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін басқа да кез келген сұрақтарды қосады.
50. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесімен қарауға шығарылған сұрақтар бойынша сырттай дауыс берумен қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің іштей отырысын өткізудің орнына, кез келген акционер немесе Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беруді өткізу бойынша кез келген ұсынысты енгізе алады. Сырттай дауыс беруді ұсынатын акционер немесе Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мүшелерін бұл сұрақтар туралы ескертуі керек және оларға осы ұсыныстың сипаттамасын беруі керек. Әр Директорлар кеңесінің мүшесіне жауап жіберу үшін берілген ескертуді алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн мерзімі, немесе Директорлар кеңесімен бір ауыздан дауыс берілген басқа мерзім беріледі. Мерзімінде жауап бермеген Директорлар кеңесінің мүшесі мұндай ұсынысқа қарсы дауыс берген болып саналады. Осымен тараптар Жарғының Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға және мұндай шешімдерді қабылдау тәртібін қарастыруға рұқсат ету керектігімен келіседі.

51. Директорлар кеңесі мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына дауыс беруге қойылған әр сұрақ бойынша және мұндай дауыс беру қорытындылары бойынша жазу жүргізу үшін Директорлар кеңесіне хатшылар алқасы/хатшы сайлайды. Әр отырыс соңында Директорлар кеңесінің әр мүшесі Директорлар кеңесінің соңғы шешімі болып есептелетін дауыс беру қорытындыларына қол қойып, көшірмелерін алуы керек. Дауыс беру қорытындыларынан басқа Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің әр мүшесіне Директорлар Кеңесінің әр отырысынан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде отырыс хаттамасының көшірмесін береді. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бұл хаттаманы алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде осы хаттамаға қатысты қандай да бір қарсылығы туралы хатшыға хабар беруі керек. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі бұл хаттама бойынша қарсылықтар туралы хатшыға 10 (он) жұмыс күн ішінде хабарламаса, бұл хаттама осы мүшемен бекітілген болып саналады. Хаттамаға Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын жасаған хатшы және Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

13. Президент

52. Қоғамның күнделікті қызметін Президент басқарады. Президент «СНПС Ақтобемұнайгаз» АҚ 3 (үш) жыл мерзімге тағайындауға ұсынылады.

Президенттің Заңға, Қазақстанның басқа да заңнама актілеріне және Жарғыға сәйкес, басқа органдар немесе Қоғамның лауазымдық тұлғалар құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметіне қатысты кез келген сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы бар.

53. Президент:

1) Компанияның күнделікті қызметін жүргізеді;

2) Сенімхатсыз үшінші тұлғалармен Қоғам атынан іс-әрекет етеді;

3) Директорлар кеңесімен бекітілген мәмілелерден басқа, сенімхатсыз Қоғам атынан мәміле жүргізеді;

4) уақтылы қажет болуы мүмкін нақты сұрақтар бойынша жеке тұлғаларға Қоғамды ұсынуға құқық беретін сенімхат береді;

5) Қоғамның лауазымдық тұлғаларын тағайындайды, соның ішінде бас бухгалтерді, қаржы, құқық бөлімі, кенпайдалану және маркетинг бөлімі басшыларын, сонымен қатар «СНПС Ақтобемұнайгаз» ұсынатын кандидатуралары бар басқа бөлім басшыларын;

6) сыйақы көлемі жылына 300 000 (үш жүз мың) АҚШ долларынан жоғары немесе осы соманың басқа валютадағы эквивалентін құрайтын Қоғамның жұмысшылары мен кеңесшілерін жалдайды және іссапарға жібереді;

7) сыйақы көлемі жылына 300 000 (үш жүз мың) долларынан жоғары немесе осы соманың басқа валютадағы эквивалентін құрайтын Қоғамның жұмысшылары мен кеңесшілерін жұмыстан босатады;

8) Директорлар кеңесі мен Жалпы жиналыс шешімдерін орындайды, және

9) Заңға және 2012 жылғы 12 маусымдағы Қоғамның акционерлер Келісіміне сәйкес кез келген басқа қызмет жүргізеді.

54. Президент Директорлар кеңесінің бекітуі үшін келесі құжаттарды дайындайды:

1) жылдық штат кестесі, қаржы жоспарлар, жылдық бюджет және мұндай жылдық жоспарды іске асыруға қатысты тоқсандық есептер; және

2) қаржылық бақылау жүйелер.

14. Акционерлермен және Қоғамның басқарушы жұмысшыларымен өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер беру тәртібі

55. Қоғам өзінің үлестес тұлғалары туралы мұндай тұлғалардың және Қоғам тіркеушісінің берген ақпараттары негізінде есеп жүргізуге міндетті (тек қажетті мемлекеттік органмен орнатылған тәртіпке сәйкес ірі акционерлер болып танылатын тұлғаларға қатысты).

56. Ірі акционерлер және Қоғамның лауазымдық тұлғалары өзінің үлестес тұлғалары туралы Заңмен қарастырылған түрде үлестес тұлғалар тізімімен мәліметтер береді:

Жеке тұлғалар бойынша					
Аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жеке куәлігі және тұрғылықты мекен-жайы туралы мәлімет	Туған күні	Үлестігін тануға негіз	Үлестіктің пайда болған күні	Ескерту

Заңды тұлғалар бойынша				
Толық атауы	Мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі, пошталық мекен жайы және нақты орналасқан орны	Үлестігін тануға негіз	Үлестіктің пайда болған күні	Ескерту

57. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызмет, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпия мәліметтер болып танылмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы үлестес пайда болғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбе күн ішінде мәліметтерді беруі керек.

Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін мемлекеттік органмен қарастырылған тәртіппен мемлекеттік органға беруі керек.

58. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларына Заңға және Жарғыға сәйкес Қоғамның акционерлер мен инвесторлар мүдделеріне әсер ететін кез келген жағдайды ашады.
59. «Егеменді Қазақстан» және «Казakhstanская правда» Қазақстан заңнама актілеріне сәйкес міндетті жариялануға тиісті кез келген хабарламаны және басқа да мәліметтерді жариялау үшін Қоғаммен және оның акционерлерімен қолданылатын басылым болып табылады.
60. Кез келген акционер сұрауы бойынша Қоғам қызметтік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер туралы шектеулер есебімен, сұрақ алған күннен бастап 10 (он) күнтізбе күн ішінде Заңмен қарастырылған құжаттар көшірмесін береді. Қоғам көшірмелерді дайындау үшін және оларды акционерге жеткізу үшін төлемдерді орната алады.

16. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

61. Қоғам Жалпы жиналыстың шешімімен немесе Қазақстан заңнамасымен қарастырылған басқа негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

62. Қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстанның басқа да нормативтік құқық актілерімен реттеледі.

17. Қорытынды жағдайлар

63. Осы Жарғымен реттелмеген барлық сұрақтарда Қоғам Қазақстан заңнамасын басшылыққа алады.

64. Осы жарғы оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап және Қазақстан заңнамасымен қарастырылған тәртіппен күшіне енеді.

«КМК Мұнай» Акционерлік қоғамының

Президенті:



Ван Цзиньбао (Wang Jinbao)



УТВЕРЖДЕН
Общим собранием акционеров
АО «КМК Мунай»

Протокол № 01/2013 Дата: 19.02.2013

УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«КМК Мунай»

1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «КМК Мунай» (далее – «Общество») определяет наименование, место нахождения, порядок создания Общества и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности, а также другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан (далее – «Казахстан»).
2. Полное наименование Общества:
На русском языке: Акционерное общество «КМК Мунай»
На казахском языке: «КМК Мұнай» Акционерлік Қоғамы
На английском языке: Joint Stock Company KMK Munai
3. Сокращенное наименование Общества:
На русском языке: АО «КМК М»
На казахском языке: «КМК М» АҚ
На английском языке: KMK M JSC
4. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 030012, г. Актобе, пр. Санкибай батыра, 16ж.
5. Статус субъекта частного предпринимательства – субъект крупного предпринимательства.

2. Юридический статус Общества

6. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Казахстана, имеет самостоятельный баланс, счета в банках, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
7. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и прочие реквизиты, необходимые для осуществления своей деятельности.
8. В своей деятельности Общество руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстана «Об акционерных обществах» (далее – «Закон»), другими нормативными правовыми актами Казахстана, а также настоящим Уставом.
9. Общество может участвовать в уставных капиталах других юридических лиц в порядке, предусмотренном законодательством Казахстана.
10. Предыдущие наименования Общества:
- АО «Lancaster Petroleum»,
- АО «ККМ Operating Company».
11. В порядке, предусмотренном законодательными актами Казахстана Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные за пределами его место нахождения, без образования юридического лица, действующие от имени и в интересах Общества на основании положений о филиалах (представительствах).

3. Ответственность Общества и акционеров

12. Общество отвечает по своим обязательствам в пределах принадлежащего ему имущества.

13. Общество не отвечает по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанный с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Казахстана.
14. Общество не отвечает по обязательствам государства и государство не отвечает по обязательствам Общества.

4. Основные виды деятельности Общества

15. Основные виды деятельности включают:
- организация поиска, разведка, добыча, сбыт, извлечение, продажа углеводородов и выполнение научно-исследовательских работ в данном направлении; и
